

9 қыркүйек
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың

қараша айынан
бастап шығады

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ»



Құрметті депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды. Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды. Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет.

Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!
Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты. Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белен алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында өсіре ұлтшылдық күшейді. Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ұшыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы кете бастады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда. Экологиялық және техногендік апаттардың көсірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батуда. Батыстағы этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени эрауландып тұқырымдамасы дағдарысқа ұшырады. Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дестүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-қон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы да өршіліп тұр.

Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жаңадан интеллектің пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды.

Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде қару геосаяси тәртіп орныға бастады.

Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан.

Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі категориялық кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа қол жоқ. Себебі, бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек. Баршанызға мәлім, соңғы жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды.

Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр. Соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі

нығауда. Бірақ алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін елге де көп шаруа атқаруымыз керек. Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық. Жасанды интеллектіңің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Өйтпесе артқа қалудың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс. Жаңа технологиялық қалыптып, ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтық мен тиімділігін есептеп арттыру керек. Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек. Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

Осы орайда, алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді.

Бірінші.

Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға алас құшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет. Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет.

Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек. Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыранқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанады. Ал қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құруды қажеті жоқ.

Бірақ кезге оттай басылатын нәрсе: елімізде бірде-бір мекеменің атауында инвестиция деген сөз жоқ. Инвестиция тіпті, жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүр. Сондықтан Премьер-Министр он күн ішінде нақты ұсыныс бе-

руге тиіс. Бұдан бөлек, Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуді тапсырамын.

Меніңше, Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгертетін кез келді.

Бас прокуратура заңсыз актив иелерімен өнімді жұмыс істегенін айта кету керек. Соның нәтижесінде қазынаға 850 миллиард теңгеге жуық қаржы қайтарылды. Бұл қаражат он мектеп, төрт спорт ғимаратын салуға, 235 денсаулық сақтау нысаны мен 177 су инфрақұрылымы нысанының құрылысына және жөндеу жұмыстарына бөлінді.

Республикалық бюджетке тағы қосымша қаражат түспек.

Бұдан бөлек, инвесторларға ұсынылатын салық жеңілдіктерін мұқият ойластырып, байыппен қолданған жөн, ел экономикасы үшін маңызды, пайдасы бар жобаларға басымдық берілуіге тиіс.

Жалпы, инвестициялық келісім жасау тәсілі өз тиімділігін көрсетті. Біз Ұлттық қордың тұрақты даму құралы ретіндегі рөлін қайта қарauымыз керек. Қорды қосымша инвестиция көзі ретінде қолдану үшін ел ішіндегі болашағы зор және нарықтағы әлеуеті жоғары болатын жобаларға қаржы бөлуге болады. Ең бастысы, қаражатты мұқият ойластырып жұмсау керек. Бұл іске, қажеті болса, сапалы сараптама жасай алатын халықаралық деңгейдегі басқарушылар мен инвесторларды тартуға болады.

Экономикамыздың жоғары технологиялық салаларына бір миллиард долларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарлама әзірлеу қажет. Оны Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп дайындауға тиіс.

Жаңа инвестициялық кезеңді ойдағыдай бастау маңызды. Екінші дәрежелі банктер нақты секторға белсенді түрде қаржы салуы керек. Бұл мәселе қоғамда баяғыдан қызу талқыланып жатыр. Осы жұмысты көп созбай қолға алу қажет.

Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі. Себебі біздің банктер экономикаға несиен бергеннен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға акция салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр.

Ұлттық банк пен Үкімет банктердің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табуы қажет. Енді бұл мәселені созуға болмайды, шұғыл шешу қажет.

Банктер туралы заң қабылдау осы бағыттағы маңызды қадам болмақ. Бұл заңда экономиканың сұранысы мен технологиялық өзгерістер ескерілуі қажет. Құжатта бәсекені күшейту, нарыққа жаңа қатысушыларды тарту, қаржы жүйесіндегі технологияларды ілгерілету және цифрлық активтер айналымын ырықтандыру мәселелері қамтылуы керек.

Үкімет Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, заң жобасын жан-жақты пысықтауы қажет. Депутаттардан осы заңды жыл соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Цифрлық активтердің толыққанды әжоқуыесін тезірек қалыптастырған жөн. Цифрлық теңгенің енгізілуі бұл жұмысқа септігін тиігізіп жатыр. Қазіргі таңда жобаларды Ұлттық қор есебінен қаржыландыру кезінде цифрлық теңгені қолданып жүрміз. Енді оның қолдану аясын одан әрі кеңейту қажет. Цифрлық теңгені республикалық және жергілікті бюджетте, мемлекеттік холдингтердің бюджетінде пайдалануға болады.

Қазіргі заманның талабын ескере отырып, криптоактивтерге баса назар аудару керек.

Ұлттық банктің инвестициялық корпорациясы негізінде Цифрлық активтердің мемлекеттік қорын құрған жөн. Бұл құрылымда жаңа цифрлық қаржы

жүйесіндегі болашағы зор активтерден құралған стратегиялық крипторезерв жинақталады. Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ оның қауіп-қатері де аз емес. Соңғы жылдары онлайн-алаяқтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микроқаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн.

Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн.

Қарқынды өсіп келе жатқан көптеген мемлекетте даму көшінің басында жүретін қалалар инвестициялар мен технологияларды өзіне тартатын полюске айналған.

Алатау қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс.

Жалпыұлттық маңызы бар осы жобаны жүзеге асыру үшін арнайы жер бөлінді, бастапқы жоспарлау жұмысы аяқталды, инфрақұрылымның негізгі желілері қосылды.

Жақында Қытайға барған сапарымда әлемнің жетекші компанияларымен құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасалды. Шыңжаңь жабандық технополисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысады.

Келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру.

Қаланы ел Үкіметіне тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы Жарлықты он күн ішінде әзірлеу керек.

Содан кейін жарты жылдан асырмай, жеке заң қабылдау қажет. Құжатта қаланы басқару режимі, оның қаржылық моделі және басқа да маңызды мәселелер қамтылуға тиіс.

Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті ошақ немесе құрал екенін айта кеткен жөн.

Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналуға тиіс.

Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек.

Бұл қала Қазақстанның келешектегі келбетін танытпқ. Онда технологиялық өрлеуге және өмір сүруі барынша қолайлы жағдай үйлесім табуы қажет.

Тағы бір мәселе. Өңірлерге инвестиция тарту барысында арнайы экономикалық аймақтар ағыршық рөл атқарады. Алайда олардың көбінің жұмысы мез емес. Бұл мәселе бойынша әңгімелер талай рет айтылды.

Үкімет арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру үшін терең сараптама жасап, түбегейлі шаралар қабылдауға дайын болуы керек. Арнайы экономикалық аймақтарды басқаруға жеке компанияларды, қажет болса, шетел компанияларын тартуға болады.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар аймақтардың экономикалық өсімін арттыратын қозғаушы күш болуға тиіс.

Бірақ көбі коммуналдық мүліктерді басқарумен және аса маңызды емес жобаларды жүзеге асырумен шектеліп отыр. Олардың аймақ экономикасына әсері шамалы.

Үкімет осындай корпорацияларды толыққанды даму институтына айналындыруы керек. Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың қана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуіге тиіс. Әкімдердің аймақтағы инвестициялық ахуалға тікелей жауапкершілігін белгілеу керек.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексын енгізуіге тиіс. Мүмкін, бұл жұмысқа тәуелсіз сарапшыларды тартқан жөн болар. Инвестицияға қолайлы ахуал қалыптастыруға тікелей әсер ететін ең басты мәселе – макроэкономикалық тұрақтылық.

Бірақ қазіргі басты мәселе: жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жұтып қойы» жатыр.

Оның дайын тұрған шешімі жоқ, бұл – көптеген мемлекет бетпе-бет келіп отырған түйткіл. Мәселе бәрине ортақ болғанымен, ол біздің жағдайда айрықша сезіліп отыр.

Осы макроэкономикалық құраудан шығуымыз керек.

Қиындықтар күні кеше ғана пайда болған жоқ. Оны шешу үшін әлемдегі озық тәжірибелерді ескеріп, жұртқа ұнай бермейтін шаралар қабылдауға және оның жауапкершілігін көтеріп алуға дайын болу қажет.

Үкімет пен Ұлттық банк қазіргі қалыптасқан ахуалдың қиындығын ескере отырып, алдына қойған мемлекеттік ауқымдағы міндетті біртұтас әрекетке атқаруы керек. Қазір өкім көрлені өзіне қарай тартатын кез емес.

ҚАСЫМ -ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП

Жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында айтты.

— Экономиканы жан-жақты жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейді. Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жоспарланған 217 мектептің 150-і қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. Қалған мектептердің құрылысы алдағы үш ай ішінде аяқталуға тиіс. Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық. Сол себепті, менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін Al-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады, — деді Президент.

«QAZAQ DIGITAL Mektebi»

ҮЛГІСІН ӘЗІРЛЕУДІ ҰСЫНДЫ

Алайда, Мемлекет басшысы жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиістігін баса айтты.

— Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады. Қашықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Елордада балаларды дамыту орталықтары мен жеке қаражат тарту арқылы салу тәжірибесі бар. Мұны барлық аймаққа тарату қажет. Көптеген кәсіпкер дәл осы мәселе бойынша көмек көрсетуге әзір екенін білдіріп жатыр. Әкімдер осындай жобаларды жүзеге асыруға кәсіпкерлерді белсенді түрде жұмылдыруы керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН БЕРУ ТӘСІЛДЕРІН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

Жасанды интеллектіні қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауы барысында айтты.

— Оның бір игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек. Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауылшаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек. 2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ, әкімдіктер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция кезіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл — орманың нәрсе. Сондықтан әкімдіктер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуі керек. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуіге тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің айтуынша, жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылық жою қажет. Сол үшін

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН АУҚЫМДЫ ҚОЛДАУ ЕЛІМІЗДЕ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛҒАН ЖОҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспарын әзірлеуді тапсырды.

- Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр.

Қомақты қаражат бөлініп жатыр, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді.

Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек, - деді Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.

Мемлекет басшысы мәлімдегендей, қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр.

- Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысып жатыр. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады.

ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Осыған орай, жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңына дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсынуы қажет.

— Бұл салада цифрлық технологияларды кеңінен қолдану айрықша маңызды. Қазірдің өзінде космомониторинг және геоталдау жүйесі пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтап, оның бәрін қайтаруға септігін тиігізіп жатыр. Жұмысты жалғастыру қажет. Жасанды интеллектіні қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дәнді-дақылдардың әрбір құйыне және қай жерге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасалуға тиіс. Бұл — орман шаруашылығына да қатысты мәселе. Солтүстік Қазақстан облысында 9 мың гектар орманның иесіз жатқаны анықталды. Бұдан бөлек, жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек. Оған кадастрлық мәліметтерді, инфрақұрылымға және жер қойнауын пайдалануға қатысты ақпаратты кіріктіру қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет.

Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сәресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек. Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар.

Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ»

Екінші. Өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді. Бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістік бар деп айтуға болады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосымша құны екі есе өсіп, 17 триллион теңгеге жуықтады. Ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жетті. Билыттың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылды. Соның нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Мысалы, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау және металлургия саласындағы ірі кәсіпорындар ашылды. Биыл Алматыда өртүрлі автокөліктер шығаратын Қазақстандағы ең үлкен өндіріс орны жұмысын бастады. Бірақ бұл, өрине, жеткіліксіз.

Экономиканы әртараптандыруды тіш қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуге тиіс. Қазір бұл жұмыс жүйесіз жүргізіліп жатыр. Қолдау шарасын ұстанымдары мен талаптары өртүрлі институттар жүзеге асырады. Мұндай ахуал кәсіпкерлерді әбден шатастырады. Бұл саланы ретке келтіріп, үйлестіру жұмысын толығымен қолға алу керек.

Тау-кен металлургиясы қашанда Қазақстанның жаңа индустриалды қалыбының сенімді тірегі болып келеді. Оның ел экономикасындағы үлесі – 8 пайыз. Бірақ саланың даму әлеуеті зор. Әсіресе, терең өңделетін өнімдерді шығаруға мол мүмкіндік бар. Жаһандық үдерістерге сәйкес, сирек кездесетін металдардың және айрықша қажет басқа да материалдардың маңызды арта түсті.

Бұл саладағы әлемдік өндірістер мен сауда-саттықтың жаңа желісінде өз орнын нықтап алуына Қазақстанның толық мүмкіндігі бар. Біз алдағы үш жыл ішінде тау-кен саласында жоғары технологиялық өнім шығаратын кемеңді үш кәсіпорынды іске қосуға тиіспіз.

Сондай-ақ Үкімет көмірсутегі шикізатын терең өңдейтін бірқатар озық жобаны жүзеге асыруы қажет. Атырауда бір-дәхмия кешенінің құрылысы басталды. Павлодарда сұйылтылған газды терең өңдеуге арналған жоба қолға алынды. Осы кәсіпорындардың дер кезінде іске қосылуын қамтамасыз ету керек.

Ілеспе газ бен сұйылтылған мұнай газын қажетке жарату мәселесін түбегейлі қайта қараған жөн. Оны толықандық экономикалық ресурсқа айналдыру қажет. Инвесторлар жобаларды жүзеге асырған кезде газ шикізатынан тапшылық көріп отыр. Сондықтан бұл мәселені де шешу жолдарын табуымыз керек, инвесторларды ұзақ уақыт газбен қамтамасыз етуге нақты кепілдік беретін жаңа тәсілдер ойластырған жөн.

Жобаның бәрін дер кезінде іске асырып, экономиканы цифрлық тұрғыдан жаңғырту үшін электр энергиясы жеткілікті көлемде болуы қажет. Қазір біз қуат көздерін жан-жақты жаңғырту жатырмыз. Шетел инвесторларының қатысуымен ауқымды жобалар жүзеге асуда. Мысалы, алдағы бес жылда қуаты 6,3 гигаватт болатын «жасыл» энергия нысандарын іске қосу жоспарланған. Бұл қадам еліміздегі жасыл энергияның үлесін өдеуі арттырады. Бірақ Қазақстанның түпкі мақсаты – қуат көздерін өзгерту емес. Бұл – ең алдымен еліміздің энергия жүйесінің нақты мүмкіндігі мен мемлекеттің мүддесін қамтамасыз етуге негізделген негізделген тұрақты даму жолы. Осы арада, ядролық энергетиканы дамытуға бет бұруымыздың мән-маңызы айрықша.

Бір ай бұрын Алматы облысында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясына қатысты жоба «Росатом» мен» бірге жүзеге асырыла бастады. Бірақ экономиканы тұрақты дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек.

Жақында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен өткен кездесуде елдеріміздің атом саласындағы стратегиялық серіктестігі туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Қазақстан әлемдік компаниялардың бәрімен өзара тиімді байланыс жасауға дайын. Бұл ұстаным еліміздің энергетикалық дербестігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына сай келеді.

Қазақстанның сапалы көмір қоры орасан. Сондықтан оның тәбиғатты ластанайтынана кепілдік беретін озық технологияларды қолдана отырып, көмір энергетикасын дамытуға ерекше назар аудару қажет. Өзіміздің табиғи артықшылықтарымызды ел игілігіне дұрыс пайдалана білу керек. Тағы бір маңызды міндет – геологиялық барлау жұмыстарын күшейтеу. Елімізде ауқымды аэро-геофизика зерттеулері әбден өскірген. Цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жер қойнауындағы заманауи картаны жасайтын уақыт келді. Мұндай қадам кен орындарының әлеуетін жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа да халықаралық сарапшыларды тартуға болады. Өрине, ғылыми негізі болмаса, барлау жұмысын ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Келесі жылдың ортасына дейін озық халықаралық стандарттарға сай сертификаты бар зертхана ашу керек. Оны Ұлттық геологиялық қызметтің базасында құрған жөн. Жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін, ең алдымен, жасанды интеллекттің енгізу арқылы жүйелеп, цифрландыру қажет.

Геологиялық барлау және жер қойнауын игеру саласындағы реформалардың заң жүзіндегі және іс жүзіндегі рәсімдерін жыл соңына дейін аяқтау керек.

Үшінші. Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қазіргі несиелер уақытын да берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған.

Бірақ агроөнеркәсіптің орасан зор

әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Өр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек. Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар. Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін елдеқайда арттырады.

Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен қолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ең өзекті міндеттің бірі, бұл – агрохабтар және логистика орталықтарын дамыту. Атап айтқанда, шетел инвесторларымен серіктестікті нығайту керек. Бірақ бұл жерде бір нерсені ескеру қажет: отандық кәсіпкерлер қазіргі заман талабын дұрыс түсінбесе, яғни жасанды интеллектті қалайша тиімді пайдалануға болатынын білмесе, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтыны анық.

Министрлік мал шаруашылығы саласындағы агробинесті қолдау жоспарын әзірлеп, нақты қаржыландыру шараларын бастауы керек. Басты мақсат – ішкі нарықты етпен толық қамтамасыз ету. Сонымен қатар осы саланың экспорттық әлеуетін күшейтеу. Елдегі азық-түлік нарығының импортта тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Өрине, өзімізді өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят. Бұған қоса, дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде таныту керек.

Сондықтан аграрлық экспорттың нақты жоспарын әзірлеу қажет. Онда логистика, ветеринарлық және фитосанитарлық стандарттар мен ұтымды маркетинг стратегиясы ескерілуге тиіс.

Бұл – Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғана емес, бірқатар мемлекеттік органның ортақ міндеті. Сондықтан іс-әрекеттерді Үкімет басшылығы деңгейінде үйлестіріп отыру керек.

Үкімет Еуразия аумағындағы сауда-саттықтың әділ жағдайда жасалуын нақты дәлелмен талап етуге міндетті. Ал депутаттар заңнамалық бастамалар арқылы отандық өнім өндірушілердің құқықтарын қорғауға тиіс. Еуразия экономика одағына мүше басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен салыстырғанда, біздің кәсіпкерлеріміздің қажетті мөлшерде мемлекеттік қолдауға не болмай отырғаны анықталды. Сол себепті олар тіпті де жағдайларға тап болып, ішкі нарықтың өзінде бәсекелестеріне есе жіберіп жатыр. Бұл жерде сүт өндірушілер туралы сөз болып отыр.

Жер – стратегиялық ресурс. Оның барлығын еңді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арнаулы керек.

Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек. 2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ әкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция кезіне, қайнаған өнбектің ортасына айналуы қажет. Бұл – анық нерек. Сондықтан әкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуі қажет. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуге тиіс.

Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылық жою қажет. Сол үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Осыған орай, жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңында дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсыну қажет.

Бұл салада цифрлық технологияларды кеңінен қолдану айрықша маңызды. Қазірдің өзінде космомониторинг және геоталдау жүйесі пайдаланылып, май жатқан жерлерді анықтап, оның бәрін қайтаруға септігін тигізіп жатыр. Жұмысты жалғастыру қажет. Жасанды интеллекттің қолданып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутникпен мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дәнді-дақылдардың жай-күйіне және қай жерге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасалуға тиіс.

Бұл – орман шаруашылығына да қатысты мәселе. Жақында Солтүстік Қазақстан облысында 9 мың гектар орманның иесіз жатқаны анықталды. Бұдан бөлек, жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеу керек. Оған кадастрлық мәліметтерді, инфрақұрылымға және жер қойнауын пайдалануға қатысты ақпаратты кіріктіру қажет.

Қолданылып ауыл шаруашылығы ғылымын жедел өркендетпейтінше, агроөнеркәсіп кешенін ұзақ уақыт бойы қарқынды дамыту мүмкін емес. Бірақ бюджеттен қомақты қаржы бөлініп жатқанына қарамастан, аграрлық ғылымның қайтарымы әлі де

төмен болып отыр.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі 17 пайыздан аспайды. Ал тиісті оқу орындарын бітірген түлектердің 40 пайызы ғана осы салаға жұмыс істеуге барады. Агроғылым мен «жердегі тіршіліктің» арасында алшақтық бар. Мен бұған дейін Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын агро-технология хабы ретінде қайта құру туралы тапсырма бердім. Ауыл шаруашылығы ғылымын дамытудың нақты жоспары қажет. Бұл құжат цифрлық технологияларды қолдануға және осы саланың өнімділігін өдеуі арттыруға арналған жоспар болуға тиіс.

Ветеринария мен фитопатологиялық кенжелеп қалуы агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілетін айтарлықтай шектеп отыр. Осы мәселеге айрықша назар аударған жөн.

Төртінші. Көлік-логистиканы одан әрі дамыту керек.

Еліміз Еуропа мен Азияның арасын жалғап тұрған аса маңызды көпір болып саналатыны кеңінен белгілі. Былтыр біздің территориямыз арқылы жүк тасымалдау көлемі 1 миллиард тоннадан асты.

Сонымен бірге еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға әлі де зор мүмкіндік бар. «Солтүстік – Оңтүстік» көлік Дәлізі Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия елдерінің нарығына тікелей жол ашады. Ал «Шығыс – Батыс» дәлізі мен Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы Қазақстанның Еуразиядағы негізгі құрлық жолы ретіндегі рөлін күшейте түседі.

Сондай-ақ біз үшін Транскаспий көлік бағытын дамытудың маңызы арта бастады. Бұл бағыттардың бәрі біртұтас жүйе сияқты жұмыс істеп, елімізде өдеуі табыс әкелуі керек. Сондай-ақ инфрақұрылымды жақсарту жаңа инвестиция тарту қажет, сапалы жұмыс орындарын ашуға ықпал етуге тиіс. Осы орайда, цифрлық тәсілдерді ауқымды түрде қолданған абзал. Оңсыз ешқандай тиімділік болмайды.

Өңірлердің көлік байланысына қатысты мәселелен мықтап айналысу керек. Бұл жөнінде қазір көп айтылып жүр, соның ішінде халықаралық форумдарда да талқылануда. Ірі транзиттік аймақ саналатын Қазақстан үшін бұл бағыт айрықша маңызды.

Біз таяуда Вьетнамға Қытайдың Ляньюньган порты арқылы бидайдың алғашқы легін жөнелттік. Ауғанстанда Пәкістан нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Түрпунді – Герат» темір жолын салу жоспарда бар.

Алайда жаңа көлік бағыттарына және жаңа нарықтарға жол ашатын мүмкіндіктер мұнымен шектелмейді. Алда атқарар жұмыз көп.

Жалпы, әлемде транзит үшін бәсеке күшейіп бара жатыр. Басқа да арзан балама бағыттар мен жолдар ұсынылуда.

Транзиттік тасымалдың көлемін арттырып дөсек, біз алдын ала әрекет етіріп, әрдайым бір қадам алда болуымыз керек.

Тағы да қайталап айтарым, инфрақұрылымды жаңғырту ісін оңдан ел жалғастырып, осы саладағы озық ел болу үшін цифрландыру мен жасанды интеллекттің кең ауқымда пайдалануы қажет.

Быыл жылдыңғы 836 шақырым болатын «Достық – Мойынты» темір жолын екінші желісі іске қосылады. Жобаны өз күшімізбен өте қысқа мерзім ішінде жүзеге асырдық. Бұл жолдың мән-маңызы ерекше, себебі «Шығыс – Батыс» бағытының жүк өткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды.

Үкімет «Бакты-Аяғөз», «Қызыл-жар-Мойынты» жобаларын уақтылы жүзеге асыруға тиіс. Себебі аталған жобалар еліміздегі теміржол жүйесінің толық қанқасын қалыптастырады. Сондай-ақ негізгі дәліздер аясында да автомобиль жолдарын дамытуға бас мән берген жөн. Қазір елімізде 13 мың шақырым автокөлік жолдары салынып, жөнделіп жатыр. Жол салған кезде транзиттік дәліздердің мән-маңызына бас көңіл аударған жөн. «Сексеуіл-Бейнеу» жолының құрылысын тездету керек. Осы жолдың арқасында Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау мерзімінің үштен бірі қысқарады.

Сонымен қатар көлік жүйесін басқаруды жаңа үлгісін жасаған жөн. Себебі мемлекет инвестициясының экономикалық қайтарымы айқын болуы тиіс. Көйтейнермен жүк тасымалдау ісіне тың серпін беру керек. Өлемде құрлық арқылы тасымалдана-тын жүктің 16 пайыздан астамы көнтейнермен жіберіледі. Бірақ елімізде оның үлесі әлі де төмен – небәрі 7 пайызға жуық.

Үкімет көйтейнермен жүк тасымалдау ісін жандандыруға арналған арнайы бағдарлама қабылдауы қажет. Онда мультимодальді бағыттарды дамытатын пәрменді шаралар да қарастырылуға тиіс.

Ішкі тасымалдың көлемін және бәсекеге қабілетін арттыру үшін көлік саласындағы тариф саясатының тиімді әрі түсінікті болуы айрықша маңызды рөл атқарады.

Қазіргі тариф қалыптастыру жүйесінде бірізділік жоқ, ол нарыққа икемделмеген.

Үкімет жыл соңына дейін көліктің барлық түрін ескері отырып, бәсекеге қабілетті тариф саясатын әзірлеуі тиіс. Жүк тасымалдаушылар рәсімдердің көп уақыт алатынын айтып, жиі шағымданады. Олар өр қызметті түрлі цифрлық жүйе арқылы рәсімдеуге мәжбүр. Тіпті бұрынғыдай қағаз толтырып, әуре-сарсаңға түсіп жатады. Кейбір шекара және кеден бекетінде сапалы интернет жоқ, Бұл да жұрттың наразылығын туғызады. Осындай келеніс жағдайларды тез арада түзетуіміз қажет.

Сонымен қатар жасанды интеллекттің қолдана отырып, тасымалды басқарудың кешенді, көпбейінді цифрлық платформасын енгізу керек. Бұл жұмысты тездетіп аяқтау қажет.

Қазан айының соңына дейін кеден және логистика қызметін көрсететін

Smart Cargo бірыңғай цифрлық жүйесін іске қосқан жөн. Бұл жүйе инфрақұрылымды жеке компанияларға автоматты түрде бірдей қолжетімді етеді.

Шекарадағы өткізу бекеттері жаңғыртылып жатыр. Биыл 8 бекет толығымен іске қосылады. Алдағы 3 жылда тағы 34 бекет жанаарады. Бұл – өте ауқымды шаруа. Себебі кейбір бекеттердің сапасы сын көтермейді, қазіргі заманның талабына сай келмейді, еліміздің беделіне нұқсан келтіреді.

Автокөлікпен жүк тасымалдауға арналған шекара маңындағы қызмет сапасын жақсарту Үкімет пен әкімдіктерге тапсырамын. Еліміздің бүкіл аумағында кедергісіз тасымалдау жүйесін қалыптастыру – өте маңызды міндет. Транзиттік жүктердің «жасыл дәліз» қағидасымен еш тосқауылсыз өтуіне барынша жағдай жасау қажет.

Жұрттың вагондардың жай-күйіне көңілі толмайды.

Астанада вагон құрастыратын зауыт іске қосылды. Бұл осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жасалған маңызды қадам болды. Озық халықаралық стандартқа сай жабдықталған заманауи жолашушылар вагонын жасау шетел инвесторының қатысуымен қолға алынады.

Соңғы жылдары авиация инфрақұрылымын жаңғырту үшін көп жұмыс істелді. Былтыр Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар ашылды. Жақында За-йсаңда, Қатонқарағай және Кендір-діле әуежай құрылысы аяқталды. Арқалық әуежайы қалпына келтіріліп жатыр.

Бұл жобалар аймақтардың экономикалық белсенділігін арттыруға ықпал етеді, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ басқа да бірқатар саланың дамуына серпін береді. Сондықтан бұл жұмыс өз жалғасын табады.

Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керек. Тағы бір маңызды мәселе – әуемен жүк тасымалдау ісіне айрықша назар аудару қажет. Бұл саладағы ахуал жақсарып келе жатыр. Дегенмен оның көлемін арттыра түсуге мол мүмкіндігіміз бар.

Мен бұған дейін әуемен тасымалдана-тын жүк көлемін екі ес ұлғайту жөнінде тапсырма бердім. Бұған бірінші кезекте, шетелдің ірі инвесторларын тарта отырып Ұлттық жүк тасымалдаушы компания құру арқылы көп жеткізуге болады.

Электронды сауда-саттық пен озық технологиялық өнімдердің саудасы қызып тұрған қазіргі кезде әуемен жүк жеткізу аса жоғары сұранысқа ие әрі табысы көп тасымал түрі саналады. Сондықтан біз әуе хабтарын белсенді түрде дамытып, олардың жаһандық логистика тізбегіне кірігін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Сонымен қатар экспресс-жүк тасымалдау саласын ретке келтіру қажет. Бұл қадам тұтынушылардың мүддесін қорғау үшін керек. Қазір бүкіл әлемде пилотсыз жүк тасымалдайтын арнайы автокөліктер мен дроңдар сияқты көлік түрлері дамып жатыр. Үкімет осындай технологиялардың тез арада қолданысқа енгізілуіне барынша жағдай жасауы қажет. Соның ішінде тиісті құқықтық актілер қабылдауы керек.

Жалпы, мен бұған дейін бірнеше рет айттым: Қазақстан Еуразиядағы көлік хабы болуға тиіс. Бұл – стратегиялық маңыз зор міндет.

Бұл жұмысқа осы салада табысқа жеткен үздік мамандар мен кәсіпкерлерді тарту керек. Бірақ негізгі жауапкершілік – Үкіметте.

Тапсырманың орындалу барысын жылдың басында Үкіметтің жылдық есебінен кейін арнайы жиналыста қараймыз.

Тағы бір маңызды мәселе, бұл – туризм. Жалпы, бұл салада біраз түйткіл мәселе бар. Шыны айтқу керек, кәсіби кадрлар тапшы. Осы саладағы бәсекеге қабілетіміз әлі де шамалы. Мен шілде айында туристік жерлердің барлығын ретке келтіру туралы тапсырма бердім. Бұл жұмыс менің жеке бақылауыма. Жұрт жиі баратын демалыс орындарынан бөлек, болашағы зор басқа да бағыттардың әлеуетін арттыру маңызды. Міндеттердің ара-жігін ажыратып алған жөн. Жергілікті атқарушы органдар әрдайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға бас мән беріп, осы жұмысқа жауапты болады.

Ал шетелден туристер тарту мәселесі және отандық туризм саясатын заң тұрғысынан қамтамасыз ету орталық органдардың назарында болады. Осы орайда, Алматы қаласы мен Алма-ты облысындағы тау туризмі мен тау шаңғысы туризміне арнайы тоқталғым келеді.

Қазіргі таңда бұл бағыттағы ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу. Егер осы міндетті ойдағыдай орындасақ, еліміздің курорттары жер жүзіне танылып, Қазақстанның бетке ұстар ұлттық бренді болмақ.

БЕСІНШІ. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту – тұрақты дамудың негізгі факторы.

Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің әрекетсіздігі салдарынан еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жыл бойы қараусыз қалып, бірте-бірте оның жай-күйі өте мүшкіл жағдайға түсті. Қазір бұл ахуалды өзгертіп, инфрақұрылымның тәу деңгейін төмендету үшін тиісті шаралар қабылда-нып жатыр. Соның ішінде тарифтерді ырықтандыру, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқаруды жаңа моделін қалыптастыру сияқты шара-лар ұлғайтып.

Мұндай үлгі бойынша тарифтер өскен сайын халыққа сенімді әрі сапалы қызмет көрсетілуі тиіс.

Бұл іске «Ақылды қала» құру тұжырымдамасының көмегі тиері сөзсіз, оны еліміздің барлық өңіріне тарату керек.

Оған озық халықаралық тәжірибелерді қолданып, білікті басшылардың, соның ішінде шетел мамандарын тарту қа-

жет.

Қазіргі жағдайда мемлекет пен бизнес серіктестік орнатпаса, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мүмкін емес. Бұл – аксиома. Кейбір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын әкімдіктердің қарамағында сақтап қалу қажет пе, жоқ па деген мәселені жаңаша зерделеген жөн.

Жеке коммуналдық нысандарды мемлекет меншігіне алу – даулы мәселе. Оның бәрін ерте ме, кеш пе, қайтадан кезеге етеді.

Сондықтан мемлекет бұл саланы бақылап, реттеумен айналысуға тиіс. Ал оның инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу – жеке сектордың шаруасы.

Білік құрылымдары негізінен цифрлық тәсілдерді қолдана отырып, инфрақұрылым жобаларының ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті. Сонда Үкіметке және әкімдіктерге азаматтардың сенімі нығая түседі. Коммуналдық шаруашылықты жаңғырту ісі инфрақұрылымдар мен тұрғын үй қорын энергияны үнемдеуге көшіру шараларымен қатар жүруге тиіс.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласын үнемшіл болуға ынталандыратын жаңа экологиялық және санитарлық-гигиеналық ережелер енгізу керек. Табиғи ресурстарды, әсіресе, суды үнемдеу мәдениетіне көсірек, ол жағынан үлкен кемшілік бар екенін мойындауымыз қажет. Яғни атқарылатын жұмыс шаш еткен.

Бұл – азаматтардың, әсіресе жастардың арасындағы түсіндіру шараларының, тіпті идеология жұмысының жеке бір

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ»

компаниялар негізсіз көбейіп, жеке кәсіпорындардың толыққанды дамуына мүмкіндік бермей отыр. Елімізде мемлекеттің үлесі бар ұйымдар саны 25 мыңға жуықтайды. Көпшілігінің қызметі мен құрылымы сын көтермейді, қисыны да келмейді. Қазір коммерциялық емес міндеттерді орындау үшін коммерциялық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Соның салдарынан түрлі шығындар артып, корпоративті органдар көбейіп кетті. Нақты нәтижеге назар аударылмайды. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне Үкіметпен бірлесіп, мемлекеттік секторды реформалау туралы нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын, қажет болса, арнайы Жарлық шығарамын.

Бұдан бөлек, Үкімет Мемлекеттік мүлік туралы заңды қанжартуға тиіс. Занда мемлекеттің экономикаға қатысу шегі нақты айқындалуы керек. Сондай-ақ басқару ісіне қатысты құқықтық талаптар көрсетілуі қажет.

ЖЕТІНШІ. Экономиканы жан-жақты жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктелді.

Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында жоспарланған 217 мектептің 150-і қазірдің өзінде жұмыс істеп тұр. Қалған мектептердің құрылысы алдағы үш ай ішінде аяқталуға тиіс. Цифрлық технологиялар қалаңдық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектің жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді.

Жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық. Сол себепті менің тапсырмаммен 100 мыңға жуық студентті технологиялық жобаларға тартуды көздейтін AI-Sana бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Алайда жасанды интеллектің жұмыс істеу қүзретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп кәбіргасынан қолға алынуға тиіс. Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет.

Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады.

Қаықтан оқыту тәсілі және жасанды интеллект технологиясы негізінде «Qazaq Digital Mektebi» атты шағын жинақты мектеп үлгісін әзірлеуіміз қажет. Мұндай платформа ауылдағы оқушыларды сапалы оқу тәсілдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Елордада балаларды дамыту орталықтарын жеке қаражат тарту арқылы дәл тәжірибесі бар. Көптеген кәсіпкер дәл осы мәселе бойынша көмек көрсетуге әзір екенін білдіріп жатыр. Әкімдер осындай жобаларды жүзеге асыруға кәсіпкерлерді белсенді түрде жұмылдыруы керек.

Еліміз білім экономикасына көшіп жатыр. Сондықтан ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды.

Ғылым саласында еліміз мемлекеттің үлесі басым. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы әлі де шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің қүзырына берген жөн.

Министрлік және Ғылым академиясы бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйістіру ісімен белсенді түрде айналысуы керек.

Жасанды интеллекттің кеңінен қолданылуын университеттерге көбірек дербестік беруге болады.

Сонымен қатар Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс.

Білікті мамандарымызды елге ғартаудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн.

Шетелден елімізді дамытуға үлес қоса алатын мықты мамандарды ұлтына қарамай тарту – өте маңызды міндет. Олардың Қазақстанда қалуына жағдай жасау керек. Себебі бізге білікті мамандар өте қажет. Әсіресе техникалық мамандықтарды меңгерген өз ісінің нағыз шеберлері керек. Қазіргі тілмен айтсақ, «асапсы жоғары адам ресурстары» қажет.

Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі.

Елімізге кәсіби даярлығы жоғары, білікті жұмысшылар өте қажет, бұл – анық нәрсе. Сондықтан мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладым. Қазір елімізде мыңдаған жұмыс орны бос тұр. Түрлі салада, тіпті, жалақысы едәуір жоғары жұмыс орындары бар. Бұл орындарды шетелден келіп жатқан адамдар толтырады.

Жыл сайын мыңдаған инженер, құрылысшы және ауыл шаруашылығы маманы оқуын бітіріп шығады. Оларға білім беру үшін мемлекет қолмақты қаражат бөліп жатыр.

Алайда көбі мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Олар арнайы білімді қажет етпейтін, тез табыс әкелетін жұмыстарды тандайды.

Әрине, жұмыстың жаманы жоқ, адал еңбектің бәрі – маңызды.

Бірақ бұл үрдіс жеке адамға да, бүкіл

елге де үлкен пайда әкелмейді. Азаматтардың өндіріске барғаны абзал. Экономиканың нақты саласында жұмыс істеуге ұмтылғаны жөн. Осыған мемлекет қажетті жағдай жасауы керек. Жұмысшы мамандықтарына деген құрметті арттыра түсуіміз керек. Оларға лайықты жалақы төлеу қажет. Бұл – мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

Еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоқ. Бұл жағдай осы саладағы болжау жұмысының сапасына және шешімдердің тиімділігіне кесірін тигізеді.

Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірінші цифрлық жүйе енгізуге тиіс. Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр.

Астана – соның айқын мысалы.

Соңғы үш жылдың өзінде елорда тұрғындарының саны 250 мыңнан астам адамға, соның ішінде былтыр 100 мың тұрғынға көбейді. Былғы өсім онсыз да жоғары саналатын осы көрсеткіштен асып түсуі мүмкін.

Елордада халық саны ресми түрде 1,5 миллион адам болғанымен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетеді. Басқаша айтсақ, Астана 400 мыңнан астам адамға, яғни халық саны бойынша орташа қала саналатын тағы бір шаһардың тұрғындарына пара-пар жұртқа ешқандай жоба-жоспарсыз қызмет етіп жатыр.

Сондықтан қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ететін жүйелердің үздіксіз жұмысына қауіп төніп тұр.

Астанада 2022 жылдан бері мұқтаж хандарға 7 мыңға жуық пәтер, соның ішінде көп балалы отбасыларға 1380, жетім балаларға 835, ерекше қажетті бар адамдарға 865 пәтер берілді. Кейбір облыс әкімдері корпоративті салықтан түскен қаражатты көше бойындағы тас тақтайшалар салу сияқты тиімсіз жобаларға шашуудан жұрт бармайды. Әрине, содан соң жұрт әлеуметтік қызметтері мен жеңілдіктері бар Астанаға қарай ағылады.

Мұндай ахуал күрделі мәселелер туындауына әкел соқтырады. Қалада әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы хандардың саны бірнеше есе арthan, әлеуметтік қолдауға арналған шығындар да бюджет кірісінен жылдамдық өсіп жатыр. Ал әлеуметтік міндеттемелердің үлесі тиіс артып барады.

Мектеп инфрақұрылымы қазірдің өзінде шамадан тыс жұмыс істеп, шатқаяқтап тұр. Жыл сайын 15 мектепке дейін салу қажеттігі туындап жатыр. Емханалардың жүктемесі өте көп, онда орын тапшы.

Соның салдарынан әкімдік қаланың қарынды дамуына жағдай жасаудың орнына әлеуметтік шығындарға қыруар қаржы жұмсауға мәжбүр. Оның қала бюджетіндегі үлесі қазірдің өзінде 60 пайызға жеткен. Бұл ахуалды түзеу үшін түбегейлі шаралар қабылдау қажет.

Жұрттың өңірлерден ел астанасына не себепті қолтаңсуыз көшіп жатқанына мұқият талдау жүргізіп, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан тар-тымды басқа да орталықтар құруға арналған кешенді шаралар қабылдау керек.

«Жүргенге жөргем ілінеді» деген қағидаты енгізіп, өңірлердің әлеуметтік міндеттемелерін қаржыландыру мәселесін қайта қараған жөн.

Сонымен қатар аймақтардағы әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға бөлінетін әлеуметтік төлемдерді біріздендіру керек.

Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәрінө көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкел соқтырды. Осы жеңілдіктерді өперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді.

Біз әлі күнге дейін бұрынғы КСРО ауымындағы және одан тыс басқа да аймақтардағы қақтығыстарға қатысқан азаматтарға арнайы төлемдер жасап, медициналық қызмет көрсетіп келеміз. КСРО-ның ыдырағанына 35 жыл болса да, ардагерлеріміз барған сайын «жасарып», көбейіп барады.

Мемлекет өзінің негізгі міндеттерін орындаудан бас тартпайды. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту – елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалыу қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз.

Кезінде біздері «әлеуметтік саланың жанашырлары» толық емес отбасы деген жеңілдікке мұқтаж адамдар санатын ойлап тапқан еді.

Соның салдарынан, ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша, біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз.

Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алатын болса, жұмыс істеудің не қажеті бар?

Тұрасын айтсақ, әлеуметтік салада онтайлы шешім қабылдаудың орнына, Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік ала-яқтыққа жол беріп келді.

Елдегі демографиялық үрдістерді егжей-тегжейлі зерделеп, ұзақ жылға арналған шешімдер қабылдау айрық-ша маңызды.

Алайда осы салада мәліметтерді тиісті деңгейде есепке алып, талдау

жасау жолға қойылмаған. Бұл жағдай еңбек нарығының сұранысын болжау, инфрақұрылымды дамыту жұмысын жоспарлау және басқа да міндеттерді орындау жолында қиындық туғызды. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің базасында ауқым-деліп жұмыс істеуі керек.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және егде адамдарға арналған спорт клубтары ашылып жатыр. Сондай-ақ кәсіби спорт саласында өз өзгерістер болып жатыр.

Мен бұған дейін шетелден келген спортшыларға бюджеттен қаржы бөліуді шешту туралы тапсырма бердім. Депутаттар бұл бастаманы қолдап, арнайы заң қабылдады.

Бірақ мұнымен шектеліп қалуға болмайды, алға қарай жүруіміз керек. Футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты тездету керек.

Қазір еліміздің төрт футбол клубына белгілі кәсіпкерлеріміз ие болды, яғни, клубтар жекеменшікке өтіп жатыр. Сол үшін оларға ризашылығымды білдіремін.

Дегенмен футболды коммерцияландыру ісін жалғастыра беру керек. Мұндай қадамсыз Қазақстанда футбол дамымайтынын әлемдік тәжірибеден көріп отырмыз.

Қазіргі заманда кәсіби спортты қолмақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырып жөн.

Мен жариялаған міндеттер Қазақстан-ның одан әрі қарқынды дамуы үшін айрықша маңызды.

Олар елімізді цифрлық жаңғырту ісімен тығыз сабақтастып жатыр.

Жасанды интеллектің жаппай енгізуі бәрлік саладағы әлеуетін есепеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдар-ларымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс.

Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс.

Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкіметке цифрландыру ісі мен жасанды интеллектті дамытуға арналған «Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлейді.

Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады.

Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол деп аламыз.

Мемлекет әр азаматтың лайықты табыс тауып, сапалы әлеуметтік қызмет алып, ертеңі күніне сенімді болуы үшін барынша жағдай жасай береді.

Себебі қолға алынған барлық реформа бір ғана мақсатты көздейді. Бұл – халықтың ел-ауқатын арттыру және елдің жан-жақты өрлеуін қамтамасыз ету.

Еліміздің халықаралық беделін арттыру жолындағы күш-жігеріміздің түпкі мәні де – осы.

Цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде мемлекетіміздің ұлттық стратегиялық мүддесіне сай келетін төңерімді әрі сындарлы сыртқы саясаты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орнықты дамуымызға зор ықпал етеді деп сенемін.

Көптеген мемлекет Қазақстанмен достық қатынас орнатып, тиімді мәмілемақтастықты нығайтуға ұмтылады. Мұның өзі, бірінші кезекте, еліміздің халықаралық аренадағы айыры-өздік жоғары екенін және өзгелер бізбен санасатынын көрсетеді.

Біз маңызды халықаралық проблемаларды шешуге өз үлесімізді қосып келеміз. Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға мүдделі алыс-жақын елдердің бәрiмен ұйлымдастығымызды бағалаймыз.

Жақында мен Қытайға ресми сапар-мен бардым. Онда мәңгі стратеги-ялық серіктестік рухында дамып келе жатқан екіжақты қарым-қатынастың барлық мәселелері бойынша табысты келіссөздер өтті.

Менің Түркияға және Қырғызстанға сапарларым да сәтті болды. Осы жылдың соңына қарай мен Ресейге және Әзербайжан, Армения, Түрікменстан басшыларын қарсы алуға дайында-лып жатырмыз. Сондай-ақ Азияның, Еуропаның, Африканың бірқатар мем-лекет басшыларымен кездесіп, келіс-сөз жүргізу жоспарланған.

Қазақстан-Америка сұхбаттастығы да белсенді жалғасып келеді. Еуропа одағымен сан салалы байланыстарымызды күшейтіп жатырмыз.

Биыл айтулы даталарға толы жыл болды. Ең бастысы, Екінші дүни-ежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды.

Мәскеуде және Бейжіңде өткен сал-танатты іс-шаралар адамзат тарихын-дағы ең сұрапыл соғыстың ондаған миллион құрбаны әлем халқының жадында мәңгі қалатынын аңғартты.

Сондай-ақ бәрімізді сол бір қанды қы-рынға қайта баға беруден және жаңа дүниежүзілік соғыс бастауға ұмтылу-дан аулақ болуға шақырды.

Барлық ел өсіп-өркендеу үшін бей-бітшілікті сақтап, ортақ мәмілеге келе білуі керек. «Мың шығ-быждан бір сіз-біз артық».

Сол себепті Қазақстан Аляскада өткен Ресей-АҚШ саммитінің нәтижесіне, сондай-ақ Вашингтонда Президент Трамптың ара ағайындығымен Әзе-рбайжан мен Арменияның бейбітшілік туралы декларацияға қол қойғанына

жатыр. Бұл – құрметке лайық жұмыс. Сондықтан мәдениет қайраткерлеріне қажетті қолдауды көрсетеміз. Бірақ олар жаңа заманның талабына бейім-деліп жұмыс істеуі керек.

Баршаңызға мәлім, мен бұқаралық спортты дамытуға баса мән беремін. Аймақтарда спорт нысандары бой көтеріп жатыр. Үйірмелер балаларға қолжетімді бола бастады.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтарға және егде адамдарға арналған спорт клубтары ашылып жатыр. Сондай-ақ кәсіби спорт саласында өз өзгерістер болып жатыр.

Мен бұған дейін шетелден келген спортшыларға бюджеттен қаржы бөліуді шешту туралы тапсырма бердім. Депутаттар бұл бастаманы қолдап, арнайы заң қабылдады.

Бірақ мұнымен шектеліп қалуға болмайды, алға қарай жүруіміз керек. Футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты тездету керек.

Қазір еліміздің төрт футбол клубына белгілі кәсіпкерлеріміз ие болды, яғни, клубтар жекеменшікке өтіп жатыр. Сол үшін оларға ризашылығымды білдіремін.

Дегенмен футболды коммерцияландыру ісін жалғастыра беру керек. Мұндай қадамсыз Қазақстанда футбол дамымайтынын әлемдік тәжірибеден көріп отырмыз.

Қазіргі заманда кәсіби спортты қомақты табыс әкелетін бизнес-индустрия ретінде қарастырып жөн.

Мен жариялаған міндеттер Қазақстан-ның одан әрі қарқынды дамуы үшін айрықша маңызды.

Олар елімізді цифрлық жаңғырту ісімен тығыз сабақтастып жатыр.

Жасанды интеллектің жаппай енгізуі бәрлік саладағы әлеуетін есепеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдар-ларымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс.

Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс.

Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкіметке цифрландыру ісі мен жасанды интеллектті дамытуға арналған «Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлейді.

Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады.

Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол деп аламыз.

Мемлекет әр азаматтың лайықты табыс тауып, сапалы әлеуметтік қызмет алып, ертеңі күніне сенімді болуы үшін барынша жағдай жасай береді.

Себебі қолға алынған барлық реформа бір ғана мақсатты көздейді. Бұл – халықтың ел-ауқатын арттыру және елдің жан-жақты өрлеуін қамтамасыз ету.

Еліміздің халықаралық беделін арттыру жолындағы күш-жігеріміздің түпкі мәні де – осы.

Цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде мемлекетіміздің ұлттық стратегиялық мүддесіне сай келетін төңерімді әрі сындарлы сыртқы саясаты әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орнықты дамуымызға зор ықпал етеді деп сенемін.

Көптеген мемлекет Қазақстанмен до-стық қатынас орнатып, тиімді мәмілемақтастықты нығайтуға ұмтылады. Мұның өзі, бірінші кезекте, еліміздің халықаралық аренадағы айыры-өздік жоғары екенін және өзгелер бізбен санасатынын көрсетеді.

Біз маңызды халықаралық пробле-маларды шешуге өз үлесімізді қосып келеміз. Қазақстанмен қарым-қатынас орнатуға мүдделі алыс-жақын елдердің бәрiмен ұйлымдастығымызды бағалаймыз.

Жақында мен Қытайға ресми сапар-мен бардым. Онда мәңгі стратеги-ялық серіктестік рухында дамып келе жатқан екіжақты қарым-қатынастың барлық мәселелері бойынша табысты келіссөздер өтті.

Менің Түркияға және Қырғызстанға сапарларым да сәтті болды. Осы жылдың соңына қарай мен Ресейге және Әзербайжан, Армения, Түрікменстан басшыларын қарсы алуға дайында-лып жатырмыз. Сондай-ақ Азияның, Еуропаның, Африканың бірқатар мем-лекет басшыларымен кездесіп, келіс-сөз жүргізу жоспарланған.

Қазақстан-Америка сұхбаттастығы да белсенді жалғасып келеді. Еуропа одағымен сан салалы байланыстарымызды күшейтіп жатырмыз.

Биыл айтулы даталарға толы жыл болды. Ең бастысы, Екінші дүни-ежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды.

Мәскеуде және Бейжіңде өткен сал-танатты іс-шаралар адамзат тарихын-дағы ең сұрапыл соғыстың ондаған миллион құрбаны әлем халқының жадында мәңгі қалатынын аңғартты.

Сондай-ақ бәрімізді сол бір қанды қы-рынға қайта баға беруден және жаңа дүниежүзілік соғыс бастауға ұмтылу-дан аулақ болуға шақырды.

Барлық ел өсіп-өркендеу үшін бей-бітшілікті сақтап, ортақ мәмілеге келе білуі керек. «Мың шығ-быждан бір сіз-біз артық».

Сол себепті Қазақстан Аляскада өткен Ресей-АҚШ саммитінің нәтижесіне, сондай-ақ Вашингтонда Президент Трамптың ара ағайындығымен Әзе-рбайжан мен Арменияның бейбітшілік туралы декларацияға қол қойғанына

қолдау білдірді. Екінші айтулы дата – Екінші дүни-ежүзілік соғыстың басты институци-оналдық қорытындысы саналатын Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 жыл-дығы.

Біріккен Ұлттар Ұйымына әлі күнге дейін еш балама жоқ. Қазақстан оны көкейкесті халықаралық мәселенің бәрін әділ шешу жолындағы негізгі келіссөз алаңы болып қала беруге тиіс деп санайды.

Дегенмен Біріккен Ұлттар Ұйымын, әсіресе, оның ең басты органы – Қа-уіпсіздік Кеңесін реформалайтын кез келді.

Мен жақында Нью-Йорк қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамбле-ясының мерейтойлық сессиясында сөз сөйлеймін. Басқосуда халықаралық ахуалға, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалауға қаты-сты Қазақстанның көзқарасын білдір-мекпін.

Қадірлі отандастар!

«Заң және тәртіп» – мемлекетіміздің мызығымас тұғыры.

Қоғам

КӨПТОҒАЙ АУЫЛЫНДА КӨГІЛДІР ОТЫН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ КӨГІЛДІР ОТЫН ПАЙДАЛА-
НУҒА БЕРІЛДІ. ШАРАҒА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ПЕН САЛАЛЫҚ БАСҚАРМА,
«QAZAQGAS АЙМАҚ» АҚТӨБЕ ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ МЕН АУЫЛ ТҰРҒЫН-
ДАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Көптоғай ауылы аудан ор-
талығынан 35 шақырым
қашықтықта орналасқан. Бү-
гінде мұнда 149 аула, 706
тұрғын бар. Мектеп, меди-
циналық пункт, мәдениет үйі
сынды әлеуметтік нысандар
жұмыс істейді.

Шара барысында аудан әкімі
Асқар Қазыбаев тұрғындар-
ды құттықтап, елді мекен-
дерді газдандыру – халықтың
тұрмыс сапасын жақсартуға
бағытталған мемлекеттік са-
ясаттың маңызды бағыты екенін атап өтті. Сондай-ақ,

Ақтөбе облыстық энергетика
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылығы басқармасы
басшысының орынбасары
Серік Дәулетов облыста газ-
дандыру ісі қарқынды жүр-
гізіліп жатқанын жеткізді. Бүгін-
де өңір халқының 95,6 пайызы
көгілдір отынмен қамтылған.
жыл соңына дейін бұл көрсет-
кіш 97 пайызға жетуі жоспар-
лануда. Ал Ойыл ауданының
21 елді мекенінің 6-ы немесе 9
198 (57,2%) көгілдір отынмен
қамтамасыз етілген.
Салтанатты шарада ардагер-
лер кеңесінің төрағасы Ермек
Ниязов бата беріп, тұрғындар-
ды ортақ қуанышпен құттықта-
ды.

Көптоғайлықтар үшін бұл
оқиға елді мекеннің әлеумет-
тік дамуы жолындағы маңы-
зды қадам болып табылады.
Енді ауыл тұрғындарының
тұрмыс жағдайы айтарлықтай
жеңілдеп, өмір сапасы жақса-
ра түспек.

БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ - БАСТЫ НАЗАРДА



Ойыл ауданына Ақтөбе об-
лысы әкімінің орынбасары
Жолдас Батырхан, облыстық
білім басқармасының басшы-
сы Бұлбұл Күзембаева, облы-
стық балалардың құқықтарын
қорғау басқармасының бас-
шысы Әліби Латып жұмыс са-

парымен келді. Сапар барысында аудан
әкімдігінде, кейін аудандық
білім бөлімінде кеңейтілген
жиын өткізілді. Жиынға аудан әкімі, білім
беру ұйымдарының басшы-
лары мен мектеп директор-

ларының тәрбие ісі жөнінде-
гі орынбасарлары қатысты.
Кеңесте ең алдымен бала
қауіпсіздігі мәселесі көтеріл-
ді. Жасөспірімдер арасын-
дағы құқықбұзушылықтар
мен келеңсіз оқиғалардың
алдын алу, буллингпен күрес,
оқушылардың психологиялық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету
жайы кеңінен талқыланды.
Білім сапасы, педагог кадр-
лардың сапалық құрамы, кадр
тапшылығы, балалардың
құқықтарының қорғалуы, тәр-
бие жұмыстарының формал-
ды сипат алуы сынды өзекті
мәселелер қозғалды.

Келген қонақтар ауданның
бірқатар білім беру ұйымдары-
нын аралап, оқушылардың
білім алу, тәрбиелену және
қауіпсіз ортада дамуына жа-
салған жағдайлармен таныс-
ты. Жұмыс сапарының қор-
ытындысында білім беру
сапасын көтеру, бала құқықтар-
ы мен қауіпсіздігін қамтама-
сыз ету, тәрбие жұмысының
тиімділігін арттыру бойынша
нақты тапсырмалар берілді.

ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛУДІ ОНЛАЙН РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ

1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН 1 ҚАРАШАҒА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ТІР- КЕУ НАУҚАНЫ ӨТЕДІ. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ АЗАМАТТАР ӨЗ ПОЛИКЛИНИКАСЫН АУЫСТЫРУҒА МҮМКІНДІК АЛАДЫ. БҮЛ РӘСІМДІ ТОЛЫҚТАЙ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ – EGOV.KZ ПОРТАЛЫ НЕМЕСЕ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ, МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА БАРМАЙ-АҚ ОРЫНДАУҒА БОЛАДЫ.

Қызмет поликлиникаға тір-
келіп, учаскелік дәрігерді
таңдауға мүмкіндік береді.
Таңдалған дәрігерге сәйкес
медициналық қызмет көрсе-
ту аумағы жүйеде автоматты
түрде көрсетіледі. Науқан қор-
ытындылары келесі күнтіз-
белік жылдың 1 қаңтарынан
бастап күшіне енеді. Алдыңғы
ұйымнан тіркеуден шыға-
ру жаңа өтінім расталғаннан
кейін автоматты түрде жү-
зеге асырылады. Науқаннан
ты уақытта да поликлиника-
ны ауыстыруға болады. Бұл
басқа елді мекенге қоныс
аударғанда, жұмыс неме-
се оқу орны ауыстырғанда,
сондай-ақ поликлиника қайта
ұйымдастырылған немесе жа-
былған жағдайда мүмкін. Мұн-
дай жағдайда қызметті жылы-
на бір рет қолдануға болады.
**Қызметті eGov.kz порталында
пайдалану үшін:**
*eGov.kz порталында автори-
зациядан өтіп, «Денсаулық
сақтау» бөлімін ашу қажет;
*«Поликлиникаға тіркелу»
қызметін таңдап, қажетті өрі-
стерді толтыру қажет;
*өтінімге қолжетімді қол қою
әдістерінің бірімен қол қою қажет;
*«Көрсетілген қызметтер тарихы» бөлімінде белгіленген
уақыт ішінде өтінімді өңдеу ту-
ралы хабарламамен танысуға
болады.
**Қызметті eGov Mobile қосым-
шасында пайдалану үшін:**
*eGov Mobile қосымшасында
авторизациядан өтіп, «eGov



мемлекеттік қызметтері» –
«Денсаулық сақтау» бөліміне
өту қажет;
*«Медициналық-санитари-
ялық алғашқы көмек көрсе-
тетін медициналық ұйымға
бекіту» қызметін таңдап, қажетті деректерді енгізу қажет;
*қызметті қолжетімді қол қою
әдістерінің бірімен растау қажет;
*өтінімнің өңделу мәртебесін
«Қызметтер тарихы» бөлімі-
нен қадағалауға болады. Қы-
зметтің жоғары сұранысқа ие
екенін статистика да дәлел-
дейді. 2024 жылы тіркелу қы-
зметін 3,6 млн-нан астам рет
пайдаланды: олардың 2 905
013-і eGov.kz порталында,
722 198-і eGov Mobile қосым-
шасында рәсімделді. 2025
жылы (шілде айына дейін)
портал арқылы 1 135 628, ал
мобильді қосымша арқылы
1 046 354 өтінім қабылдан-

ды. Әдеттегідей ең жоғары
бөлсенділік науқан кезеңінде
байқалады. Мәселен, 2024
жылы қыркүйекте – 495 мың,
қазанда – 502 мың, қараша-
да – 159 мың өтінім тіркелген.
Еске саламыз, қызмет арқылы
көмелетке толмаған бала-
ларды және 18 жастан асқан
әрекетке қабілетсіз деп та-
нылған азаматтарды олардың
қамқоршылары онлайн түрде
поликлиникаға тіркей алады.
Жаңарту ҚР Цифрлық даму,
инновациялар және аэроға-
рыш өнеркәсібі министрлі-
гінің Мемлекеттік көрсетілетін
қызметтер комитеті, «Ұлттық
ақпараттық технологиялар»
АҚ және ҚР Денсаулық сақтау
министрлігі өзара ынтымақта-
стығының аясында жүзеге
асырылды.

**Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік ком-
муникациялар департаменті.**

«АУЫЛДАҒЫ ӨНЕРТАПҚЫШ»

МЕН ШЕЖІРЕЛІ ӨЛКЕМНІҢ ТАРЛАНДАРЫН ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ТАРИХЫНДА ӨШПЕС
ІЗ ҚАЛДЫРҒАН, ЕЛГЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ТҰЛҒАЛАР ДЕП БІЛЕМІН. МҰНДАЙ АЗАМАТТАР
ЕЛІМІЗДЕ САНСЫЗ КӨП. ӨРҚАЙСЫСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ӨЗІНДІК АЛАР ОРНЫ БӨЛЕК.
СОНЫҢ ІШІНДЕ ӨЗІМ ТУЫП-ӨСКЕН, ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА КІНДІК ҚА-
НЫМ ТАМҒАН ҚАСИЕТТІ ЖЕРІМНЕН ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ ТАНЫЛҒАН, ҚАЙТАЛАНБАС ДАРА
ТҰЛҒАЛАР ЖЕТЕРЛІК. ОЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ОТАНСҮЙГІШТІК ҚАСИЕТКЕ ИЕ.

Елінің, ұрпағының дамуы үшін
атадан мирасқа қалған жерде
өмір сүргендіктен жер-жерге
бөлініп алаламаймын. Деген-
мен туған өлкемнен шыққан
аңыз адамдар: әулие Сүлей-
мен Қарабалаұлы, ақ тары-
ның атасы Ш.Берсиев, ақиық
ақын Ж.Айтқұлов және тағы
да басқа атақтыларымыз бар.
Айтылған тарландарымыздың
барлығы еліміз үшін тер төгіп,
еңбектері еленіп, үлкен құр-
метке ие болып отыр. Тағы бір
сондай ел жанашыры Әнуар
Алдабергенов. Атамыздың
туған өлкесіне деген атқарған
игі істері ұшан теңіз. Әнуар Ал-
дабергенов 1937 жылы Ойыл
ауданында дүниеге келген.
Атамыздың негізгі мамандығы
инженер-механик. Дегенмен
замандастары оны «Ауылдағы
өнертапқыш» деп атап, елге
белгілі болды. Қашанда үлкен
табысқа жету үшін тыңбай ең-
бек етіп, ізденуі қажет. Сонда
ғана биік белестерді бағынды-
руға болады. Атамыз әрқашан
«Ізденген жетер мұратқа» деп
өзін де, замандастарын да
жігерлендіріп отырған. Ауыл-
дағы өнертапқыш ең алғашқы
қызмет жолын 1954 жылы жүк
көлігін жүргізуден бастаған.
Өз ізденімпаздылығының
арқасында жүргізушіліктен
Ауылшаруашылық бөлімінің
басшысы, Қазсельхозтех-
ника мекемесінің басшысы
қызметін атқарды. Өнер-
тапқыштың басты мақсаты
басшы болу емес еді. Бұл
адамгершілікті айқындай-
тын көрініс. Басты мақсаты
өз мекенін заманға сай іл-
гері жылжыту болды. Үлкен

басшылық қызметте болса-
да әрдайым ізденісте болды.
Өнертапқыш деген атақ алуы
бекер емес. Өзінің сүйегіне
сіңген өнертапқыштықты да-
мытып, желдің әсерінен қуат
алатын желдідірмендер, артық
шығынсыз астық өндіру цехы,
ет өңдеу цехтары, душты тұр-
лендіру, тоқпеш, шөп шабу
агрегаттары секілді идеялары
заманға жаңалық болып ке-
леді. Кеңес дәуірінде мұндай
жаңалықтар әсіресе ауылдық
аймақтарға ауадай қажет еді.
Солардың ішінде халыққа ең-
бек еткен туындылары жылы-
ту жүйелері мен автоматты
түрде қой тоғыту және қой қы-
рқу жаңалықтары болды. Сол
заманда ауданымызға көгілдір
отын келмеген кезде Әнуар
атамыз қазіргі протерндардың
протатипін ойлап тапты. Оның
тезек жағып бейнет көрген ха-
лық үшін көмегі зор болды.

Туындының тиімділігі
соншалық көп шығын электр
тоғына кетпес үшін желден,
күннен энергия алуға мүмкін-
дігі болды. Сонымен қатар
қой қырқу мен тоғыту агрегат-
тары, тек Ойыл ауданының
ғана емес, көршілес аудан-
дардың жұмысын жеңілдет-
ті. Кеңес дәуірінде елдің сан
мыңдаған қойын маусымдық
тоғыту мен қырқу үлкен азап
болды. Жаз бойы күллі халық
жұмылып, осы істі атқарды.
Өте көп шығын ең бастысы
уақытты текке құртқан еді.
Осы бір үлкен істің шешімін
таба білгенде ауылдағы өнер-
тапқыш. Ол жылжымалы қой
қырқу пункттерін ойластыр-
ды. Онда әр елді мекеннен
өкелінген қойлар алдымен үл-

кен аумаққа қамалып бассей-
нге тоғытылады. Тоғытылған
қойлар екі жаққа жылжыма-
лы ленталар арқылы арнайы
бөліктерге қамалып артық
жүннен арылады. Бұл жерде
де адамдар жұмыс істейді.
Дегенмен көп адам жұмылды-
рылмайды. Жобаның жүйелі
құрастырылғаны соншалықты
тіпті шоғырланған жүндерді
өндіруші елдерге экспорттап
отырды. Бұл сол заманда
үлкен жетістік. Жоба жылжы-
малы типте болған соң оны
құрастыру қалай жұмыс істе-
уі жайлы АқтөбеСельмашпен
қосылып қағаз бетіне түсір-
ген. Ал осы бір жаңалықтарды
жасау кезінде кедергі болып
қиындық туғандар да болған
деседі. Дегенмен ешқашан
берілмеген Әнуар атамыз өз
ізденісімен үлкен мұратқа жет-
ті. Ол сол кезде үлкен белес
саналған «Авторлық құқыққа»
ие болды. Яғни қой қырқу пун-
кттерін ойлап тапқаны үшін
осы бір жетістік берілді.

Сондықтан елінің бола-
шағына алаңдаған тұлғамыз-
ға мұражайлардан бұрыш
беріліп, көше атауы берілсе
деймін. Сонда ұрпағымыз
ол кісіні танып, жүректерінде
сақтайды. Әрқашан ауыз тол-
тырып мақтанып айта алады.
Қорытындылай келе әрбір
елінің ертеңіне алаңдаған
жанашырларымызды мақтан
тұтып қастерлеуіміз керек!

**Мадияр АМАНТАЙ,
Ш.Берсиев атындағы орта
мектебінің
10-сынып оқушысы.
Гүлшат ЖҰМБАЕВА,
Жетекшісі,
тарих пәні мұғалімі.**

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДА ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ МАҚСАТ!

**ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ ТАЯҒАН САЙЫН ҚАУІПТІҢ ДЕ КӨБЕЙЕТІНІ ЖАСЫРЫН ЕМЕС.
ӨРТ ОҚИҒАСЫМЕН ӨРТТЕН ТАРАҒАН КӨМІР ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНЫҢ УЛЫ ЕКЕНДІГІ АЙ-
ТЫЛЫП, ЖАЗЫЛҒАНЫМЕН ӨЛІ ДЕ БОЛСА НЕМҚҰРАЙЛЫҚПЕН ҚАРАУДАМЫЗ. АТАП АЙТ-
САҚ, ӨТКЕН 2024-2025 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОТ ЖАҒУ МАУСЫМЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫН-
ДА 3 ЖАҒДАЙ, АВТОКӨЛІКТІҢ ӨРТЕНУ ДЕРЕГІНІҢ 3 ЖАҒДАЙЫ ТІРКЕЛДІ.**

**Өрттердің пайда болуына се-
беп болған:**
-2 тұрғындардың от қолдану
кезіндегі абайсыздығынан;
-1тұрғын үйдегі электр
желілерінің ақаулығы және
пайдалану ережелерінің бұ-
зылуы;
Тұншықтырғыш газбен (угар-
ный газ) уланудың 1 жағдайы
тіркеліп, 2 ересек адам, 4 бала
уланды.
Сондықтан, қазіргі кезден өрт
қауіпіне қарсы күрес жүргізіп
оны болдырмаудың мүмкіндік-
терін жасап отыруға тиіспіз.
2025-2026 жылдардағы от
жағу маусымы басталғанға
дейін Ойыл ауданының тө-
тенше жағдайлар бөлімі
№18 Өрт сөндіру бөлімінің
қызметкерлерімен бірлесе
отырып, жылу беру маусы-
мының алдында, аудан бой-
ынша әлеуметтік осал топқа
жататын 174 тұрғын үй есеп-
ке алынды, ағымдағы жылдың
15 тамызынан 15 қыркүйегі
аралығында есепке алынған
тұрғын үйлердің өрт қауіпсізді-
гі талаптарының сақталуына

рейдтік жұмыстар жүргізілетін
болады.
Осыған байланысты, аудан
тұрғындары төменде келтіріл-
ген өрт қауіпсіздігі мен ереже-
лерін қатаң сақтау қажет екен-
дігін ескертеміз!
- пеште кептіруге және жанғыш
заттар мен материалдарды
жинауға жол бермеу;
- пештердің есіктері ақаусыз
және құрылымдардан өртке
қарсы бөліктері (шегіністері)
болуы тиіс;
-жарықтары, саңылаулары
бар, ақаулы пештерде от
жақтау;
- пеш алдына 500х700 мм,
темір қаңылтыр қағу;
- мұржаны күйеден жылыту
кезеңі басталар және одан әрі
3 айда 1 рет тазарту;
- бензинмен, керосинмен
және басқада тез тұтанатын
сұйықтықтармен жағуға бол-
майды;
- пештің қызып кетуіне жол
бермеңіз;
- жанып тұрған пешті қараусыз
және балалардың қарауына
қалдырмаңыз;

- ұйықтамас бұрын пештегі от-
тың жанып біткеніне көз жет-
кізіңіз;
- шатырдағы түтін жолдары
өтетін түтін құбырлары мен
қабырғаларын өктеу қажет;
- пештен шыққан күл мен
қоқысқа су құйылып, арнайы
қауіпсіз жерлерге төгілуі тиіс.
Сонымен қатар тұрғын үй-
леріңізді бір өрт сөндіргіштер-
мен қамтамасыз етулеріңізді
сұраймыз, бұл өрт оқиғасы
болған кезде тез әрекет етіп
өртті сөндіруге көмегін береді,
сонымен бірге өзіңіздің және
туыстарыңыздың қауіпсіздігі
үшін тұрғын үйлеріңізде тұн-
шықтырғыш және табиғи газ-
дың шығуын анықтайтын дат-
чиктерді орнату қажет
Қарапайым өрт қауіпсіздігі
ережелерін сақтамағандықтан
орны толмас қайғылы оқиға-
ларға әкеліп соғуы мүмкін,
сондықтан ауданымыздың
әрбір тұрғынына өрттерден
түрлі зардаптар келмес үшін,
сақтық шараларын орындау
кезек күттірмейтін мәселе
екендігін ескерткіміз келеді.



ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ